

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы
ППҚҚ отырысының №1 хаттамасы

15.09.2025

Төрағасы: Балмаганбетова Р.Ж

Хатшысы: Белан А.А

Қатысқандар: Алдашова Ж.Ә –әдіскер

Қошқарбаева А.А - медбике

Касанова С.Т - тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған ППҚҚ жұмыс жоспарын бекіту.
2. ЕБҚ балалармен жұмыс бағытын айқындау. ЕБҚ бар балаларды оқытудың жеке бағдарламаларын әзірлеу және бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйлеп, ППҚ қызметінің қатысып отырған мүшелеріне балаларды ЕБҚ-мен әлеуметтендіру қажеттігін түсіндірді. Сондай-ақ қатысушыларға жеке оқыту бағдарламалары бойынша ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеу қажеттігін еске салды. Тәрбиеленушілердің ата-аналарына қатысты дұрыс қарым қатынаста болуды ұсынды.

Балабақша тәрбиеленушілерінің диагноздарын зерттеу, бақылаулар жүргізу және олардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес дағдыларын, қабілеттерін дамыту.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Алдашова сөз сөйледі. ППҚҚ мүшелерін 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстырды. Сонымен қатар жеке бағдарламалардың мазмұнымен таныстырды. Қатысушыларға ЕБҚ бар балалармен жүргізіліп жатқан жұмыстар, проблемалар мен қиындықтар туралы айтып берді. Ол 2025 жылдың қыркүйек айында балабақшада ЕБҚ бар 1 бала бар екенін түсіндірді, соның ішінде:

1 бала-қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу мен мінез-құлықтың бұзылуы. ЗПР, ЗРР .

Балалардың жалпы санынан ПМПК комиссиясы 1 балаға ЕБҚ бар оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың бейімделген жеке бағдарламасын бойынша оқытуды ұсынды.

Бағдарламалар бірауыздан жұмысқа қабылданды.

ЕБҚ бар балалармен мамандардың жұмыс кестесін құруды ұсынды.

Шешім:

- 1.ЕБҚ бар балаларды әлеуметтендіру бойынша жұмысты күшейту.
- 2.ЕБҚ бар тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламалары бекітілсін. Ата-аналарды бағдарламалармен таныстыру.
- 3.ЕБҚ бар балалармен жүйелі түрде, кесте бойынша жұмыс жүргізу.

Төраға:

Хатшы:



Балмаганбетова Р.Ж

Белан А.А